

**Орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиацимиялық, авиобиологиялық және аэрозольдік іс-шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу және орман пайдалану құқығын шектеу туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 46 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 сәуірде № 4989 болып тіркелді

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 28.12.2023 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 15-бабының 11) тармақшасына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиацимиялық, авиобиологиялық және аэрозольдік іс-шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынсын және орман пайдалану құқығы шектелсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің 28.12.2023 № 293 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл облысының  
әкімі*

*Н. Нуржигитов*